

**Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
«Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының докторанты
Нұрсұлтан Еліктің 6D041600– Өнертану мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ
театрындағы шетел драматургиясын интерпретациялау мәселесі
(1991-2015)» атты диссертациясына**

П І К І Р

Театр өнері драматургия, режиссура актер шеберлігі атты үш тағаннан тұрады. Авторлық мәтінді режиссер өзіндік интерпретациясымен сахнаға актердің күшімен қояды. Сондықтанда бұл өнер түрін синтезді деп атап жатамыз. Нұрсұлтан Елік «Қазақ театрындағы шетел драматургиясын интерпретациялау мәселесі (1991-2015)» деп аталатын диссертациялық жұмысы қазақ театрларының тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы өсіп-өркендеу жолдарын танып, білуге арналған. Себебі, осы уақытқа дейін қазақ театрану ғылымында қазақ театр репертуарындағы шетел драматургиясын сахналаудың мәселелері кешенді түрде зерттелмеген.

Диссертациялық жұмысын автор «Қазақ театрының қалыптасып дамуына Батыс Еуропа драматургиясының әсері» және «Шетел драматургиясын игерудегі сахналық ізденіс жолдары», деп аталатын екі бөлімнен жасған. Бұл бөлімдердің әр қайсысын үш тараушаға бөлген. Еңбекте қазақ театрларындағы шетел драматургиясын сахналаудағы режиссерлердің сахналық шешімдері мен интерпретациялары талданған.

«Қазақ театрының қалыптасып, дамуына Батыс Еуропа драматургиясының әсері» атты бірінші бөлімнің «Спектакльдің көркемдік-идеялық мазмұнын ашудағы режиссерлік интерпретацияның ролі» атты алғашқы тарауында режиссерлік өнердің қалыптасуын айта келе режиссердің драматургияны интерпретациялау тәсілдеріне тоқталып өтуге талпынған. Алғашқы күнен бастап бүгінге дейінгі шетел драматургиясының сахналану тарихына тоқтала отырып тың режиссерлік интерпретациялар сөз болған тарауда спектакльдердің кезеңдік болу себептері анықталған. Автор өз жұмысында жан-жақты ізденгені көрініп тұр.

Е.Нұрсұлтан «Қазіргі театр үрдісіндегі классиканы сахналаудың мәселелері» деген екінші тараушада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ сахнасындағы Софокл, Еврипид, Мольер, Гоцци, Шиллер, Гауптман, Ибсен, т.б. Еуропа драматургиясының ірі өкілдерінің пьесаларының қойылу тарихына үңілген. Мұндағы режиссерлік шешімдерге, қойылымның көркемдік деңгейіне театртанушылық тұрғыдан баға береді. Сол тұстары жарық көрген ғылыми еңбектерге сүйене отырып заман үнін ашуға талпынғаны жұмыс барысында белгілі болды.

«Шекспир драматургиясын интерпретациялаудағы жаңа тенденциялар» деп аталатын үшінші тараушада қазақ театрындағы ағылшын драматургінің пьесалары бойынша қойылған спектакльдерге талдау жасайды. Тәуелсіздік

жылдары Шекспир шығармаларына деген қызығушылықтың артқаны белгілі. Дүниежүзіне әйгілі пьесаларды еліміздің режиссерлері сахналауда көтерген өзекті мәселелерін аша отырып, актерлік жетістіктерді де назардан тыс қалдырмаған.

Екінші бөлім «Шетел драматургиясын игерудегі сахналық ізденіс жолдары» деп аталып, оның бірінші «Орыс драматургиясындағы жаңа көркемдік шешімдер» атты тарауында орыс драматургиясының ірі өкілдері А.П.Чехов пен Н.В.Гогольдің шығармаларын сахналаудағы режиссерлік интерпретациялар сараланды. «Үйлену», «Ревизор», «Апалы-сіңлілі үшеу» қойылымдарын саралай келе олардың сахналық ғұмырының ұзақ болуының себебін анықтауға талпынысы орынды. Е.Нұрсұлтан спектакльдердің деңгейінің жоғары болуын авторлық мәтіннен бастап талдай келе режиссерлік интерпретациясын да жан-жақты қарастырған.

Ал, «Қазақ режиссерлерінің АҚШ драматургиясын игерудегі ізденістері» атты екінші тарауда Т.Уильямс, Э.Олби, Ю.О'Нил шығармаларының қазақ театрындағы орнын анықтауға талпынған. Режиссерлік шешімдердегі жаңашылдықтарды айта келе төл театр өнеріміздің дамуына тигізген ықпалын орында талдайды.

Осы бөлімнің «Шыңғыс Айтматов шығармаларының қазақ театрындағы заманауи оқылымы» атты соңғы тарауында автордың прозасының философиялық өрісі жаңа белеске көтеріліп, тың режиссерлік шешімдермен сахнада қойылуы қарастырылды. Ә.Мәмбетовтың қойылымдарын тілге тиек ете отырып Т.Теменов, О.Кенебаев, Н.Жұманиязов, Д.Жұмабаева, т.б. қойған спектакльдерді талдау жұмыстың құндылығын арттыра түскен.

Қазақстандағы драма театрларының репертуарындағы шетел драматургтерінің шығармалары бойынша қойылған спектакльдердің көркемдік деңгейі бүгінгі қоғамдық өмірмен тығыз байланыста қарастырылғанын әр тарауды оқып отырғанда байқадық. Ізденуші зерттеу нысанына алып отырған қойылымдарды ғылыми контексте саралаған.

Е.Нұрсұлтан спектакльдердің көркемдік деңгейі мен оның сахналық жолын автор идеясы, режиссерлік шешімдер және актерлік ойындар негізінде зерттеді. Осы арқылы қазақ театрларында қойылған шетел драматургиясының көркемдік дамуын, әрбір режиссердің өзіндік қолтаңбасын, сахнаға алып келген жаңалығы талдау жұмыстың басты міндетіне айналған. Докторант режиссер мен актердің сахнадағы жұмысын талдаумен бірге жалпы қоғамдық өзгерістерді, саяси жағдайларды театрмен, мәдениетпен байланыстырудан көптеген нәтижеге қол жеткізген.

Қазақ режиссурасын дамытуда елеулі үлес қосқан Т.Теменов, О.Кенебаев, Н.Жұманиязов, Б.Ұзақов, Т.Ахметов, Ю.Ханинга-Бекназар, Б. Атабаев т.б. өнер майталмандарының спектакльдері талдау нысанына айналған. Ғылыми жұмыс толық орындалған, көтеріп отырған мәселесіне байланысты тың әрі дербес ойы, тиянақты қорытылған тұжырымдарымен толық келісетін зерттеу еңбегі болып табылады.

Ізденуші Нұрсұлтан Еліктің «Қазақ театрындағы шетел драматургиясын интерпретациялау мәселесі (1991-2015)» деп аталатын диссертациялық

жұмысында жасалған пайымдаулары мен шетел драматургиясының сахналануы әр кезеңнің өзіне тән өзгерістеріне сәйкес игерілуі жөніндегі нәтижелері мазмұнды, әрі ғылыми маңыздылығы зор. Сондықтан Е.Нұрсұлтанға 6D041600– Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы



Гүлжаһан ОРДА

e-mail: orda_68@mail.ru

